

осведомительное бюро, цель которого заключается в том, чтобы собирать политические и торговые известия, сведения об ушедших и пришедших кораблях, о ценах на товары, о безопасности дорог, а также о политических событиях и продавать и в копиях заинтересованным лицам. Мало того, образуется даже особый цех «scrittori d'avise» (переписчики новостей), которые вскоре появляются в Риме под названием «novellanti или gazetanti» [7]. Подобные бюро создаются и в других европейских городах.

Но только с изобретением Гуттенбергом печатного станка стало возможным обеспечить оперативность передачи информации и давать ее населению в необходимом объеме. Вторая половина XV века ознаменована повсеместным появлением типографий: Италия - 1465 г., Швейцария -1468 г., Франция - 1470 г., Бельгия, Венгрия, Польша -1473 г., Чехия и Англия - 1482 г., Австрия и Дания -1482 г., Швеция -1483 г., Португалия-1487 г. [8]

На Руси первыми письменными документами стали летописи, а эпос бытовал в форме былин и исторических песен. На рубеже XV-XVI веков творчеством дипломатов Ивана III утверждается светская публицистика. В 1564 году первопечатник Иван Федоров вместе с Петром Мстиславцем выпускает первую печатную русскую книгу «Апостол». Книгопечатным делом особенно поддерживали Борис Годунов и патриарх Иов. В отличие от западных стран, где господствовала частная инициатива, издание книг в России было государственной монополией, причем все книго-

печатание сконцентрировалось на московском Печатном дворе. Правда недолго существовала еще и Верхняя типография в Кремле (1678-1783 гг.), организованная для печатания литературных трудов Симеона Потоцкого - наставника детей царя Алексея Михайловича. Первыми печатными изданиями были книги религиозного содержания, но в последней четверти XVI века начинают появляться и светские издания. Конечно, они не могли заменить собой газету или журнал, призванные освещать важнейшие вопросы современной жизни.

#### Литература:

- 1 Прохоров Е.П. Введение в журналистику. - М.: Высшая школа. 1988. (279 с.). - С. 117.
- 2 Гуревич С.М. Газета и рынок: как добиться успеха. - М.,1994. - С. 8-9.
- 3 Гельб И.Е. Основы изучения письма. - М., 1982. - С.174.
- 4 Геородот. История в девяти книгах. - М., 1888. - С.130.
- 5 Блатовская Т.В. Греческое общество второго тысячелетия до н.э. и его культура. - М., 1976. - С.144.
- 6 Ученова В.В., Старых Н.В. История рекламы. Детство и отрочество. - М., 1994. - С.18.
- 7 Бюхер К. Возникновение народного хозяйства. - СПб., 1907. - Вып.11. - С. 13.
- 8 Любинский В. С. Книга в истории человеческого общества. - М.,1972. - С. 118.

Қазақ халқының публицистикасы ежелден бүгінгі күнге дейін әлемдік БАҚ-та ерекше орын алады. Бірақ ежелгі белгілі мемлекеттерде ауызша ақпарат беру ерте дамыды, сондықтан жаңалықтар таратудың жазбаша түрінің тиімділігі үнемі ізденісте болды. Мақалада бірқатар осындай мәселелердің ашылмаған қырлары зерттелген.

The Journalism of the kazakh from ancient times to the present day is an important part of the global media. But in very large states of antiquity oral forms of information dissemination, relevant messages were ineffective, and therefore better ways of written communication always were looked for.

Н. Қадырнязов

#### Императорлық орыс географиялық қоғамының баспасөз органы Кенесары хан туралы сөз қозғайды

Сүлеймен Демирал атындағы университет, Қазақстан, Алматы қ.

УДК 070

**Аңдатпа.** «Орыс Патшалығының Географиялық қоғамы хаттары» атты журналда Патшалық Ресейдің қазақ даласын отарлау және оның тарихи қадамдары жазылды. Сонымен қатар бұл басылымда қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтерілістің тарихы суреттеліп қана қоймай, Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрескен соңғы қазақ ханы Кенесары Қасымұлының ерлігі мен батылдығы жырланады.

### **Кенесары хан..**

Тарихи оқиғалардың көп жағдайда ең бірінші баспасөз бетінде көрініс табатыны бізге мәлім. Біз қарастырғалы отырған шығарма сол тарихи очерктер қатарына жатады. 1903 жылы императорлық орыс географиялық қоғамының баспасөз органы «Записки ИРГО» журналында Н.Я. Коншиннің «К истории Каркаралинского и Аягузского округов в 30-х и 40-х годах XIX ст.» [1] атты очеркі жарық көрген. Бұл тарихи очерк оның «Материалы для истории Степного Края» деп аталатын очерктер цикліне кіреді. Н.Я. Коншин - географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің нағыз мүшесі, бірнеше жыл Семей облысы статистикалық комитетінің хатшысы қызметін атқарған.

Автор аталмыш очеркінде XIX ғасырдың 30-40 жылдардағы Қарқаралы және Аягөз округтерінің ашылу тарихына және сол кезең-де қазақ руларының арасында белең алған патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы қарулы күрестің тарихына жан-жақты тоқталған. Сонымен қатар очеркте келтірілген деректердің ғылыми құндылығы зор, себебі автор ол дерек-терді Семей облыстық Басқарма мұрағаты, Қарқара уездік Басқарма мұрағаттарынан және Омбы қаласында орналасқан Дала өлкесінің Бас мұрағатынан алып, пайдаланған.

Осы кезеңде отарлау саясатына қарсы көтерілісті қазақ сұлтандары Кенесары Қасы-мов, Сыбанқұл Ханқожин, Құдайменді Сұл-танғазин, Көске Орманов, Ниязбек және Мәджік Күшіковтар ұйымдастырып, басқарған.

1839 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторы В. Горчаков қазақтарға қарсы жазалау-шы әскер жіберуді ұйымдастыра отырып, «тәртіпсіздердің» өз қалтасынан соғыс шы-ғынын қайтартқызудың арнайы ережесін жасағанын Н. Коншин талдап жазады. Бұл Ережеде «тәртіпсіздікке» қатысқан рулардан үш есе артық салық жинауды, ал егер қарулы қарсылық көрсетсе салықтың көлемін бес есе арттыруды және көтерілісті басуға кеткен қазына шығынын «бүлікшілерден» бөлек өндіріп алуды баса көрсеткен. «Кенесарыға ерген руларды, яғни патша ағзамға бодан болу туралы ант ішпегендерді, егер

патша әскеріне қарсылық көрсетсе ешқандай аямау» жайында арнайы жарлықтар болғанын очерктен көреміз. Ал шекара басқармасының басшысы полковник С. Ладыженский өз жағынан жазалаушы әс-керге мынандай бұйрық береді: «Отряды, по достижении отложившихся волостей, тотчас должны были захватывать почетнейших старшин, биев и волостных управителей, хотя бы силой оружия, если волостью будет оказано сопротивление. Захваченные бии и проч. должны были оставаться заложниками, волости же - направляться на места их обычных кочевок» [1, 7 б.].

Жақсы қаруланған патша жазалаушы әскерінің көтерілісті басуда орасан зор қаталдық көрсеткенін очерк барысынан көреміз. Онда келтірілген деректер бойынша 1839 жылдың 19 мамырында Қарқаралыдан шыққан мұздай қаруланған жазалаушы әскер Шу өзеніне қарай ішкерлеп еніп, жолында кездескен ауылдарды тонап, олардан 12 түйе, 2000 жылқы, 7 сиыр (ұзақ жолға жарамсыз болғандықтан сиыр малын көп алмауға тырысқан. - *Н.Қ.*), 246 қой және 112,5 сом ақшалай контрибуция жинап, олжасын Петропавл бекінісіне жөнелткен. 1839 жылдың

25 маусымында Аягөзден шыққан жүзбасы Жуковтың жазалаушы жасағы Тарбағатай тауы маңында сұлтан Сыбанқұл Ханқожиннің ауылына шабул жасап, оның әйелін және 23 адамды тұтқынға алған. Ауылды тонап 230 түйе, 636 жылқы, 750 бас ірі мүйізді қара және 9800 қой олжалаған. Тұтқындардың Томбы қамалына жөнелтілгенін, біреуінің жолда қайтыс болып, төртеуі қашып құтылғаны туралы деректерді автор тәптіштеп баяндайды. Ал 1840 жылы жүзбасы Ребровтың жазалаушы әскері Бағаналы ұлысының 10 ауылын тонап, 60 жылқысын, 1776 қойын, 70 түйесін және 3 сиырын олжалаған. Жақсы қаруланған патша әскері 1841 жылы сұлтан Құдаймендінің ауылын қоршап, малын тонап, әйелін тұтқынға алған. Осы жерде айта кететін бір жағдай ол патша әскерінің көтеріліс басшыларының еш кінәсіз жақын туыстарын - әкешесін, әйел, бала-шағасын, тұтқынға алу, бопсалау әдісін жие пайдаланғандығы. Шал-кемпір

мен бала-шаға ғана қалған, әскери бекініс болып есептелмейтін, қорғансыз ауылға қырғидай тиіп, мал-мүлкін тонап, зорлау әскери орыс-қазақтардың дағдылы ісі болатын. Бұл туралы орыс демократтарымен қатар, неміс марксист-ғалымы Ф. Энгельс те былай деп жазады: «казакам свойственны операции более мелкого масштаба, успех которых обычно выражается в захвате какой-либо добычи».

Патша жазалаушы әскерінің сорақылығын, қаталдығын көрген сұлтан Құдайменді Сұлтанғазин, Сыбанқұл Ханқожиндер Кенеса-рының көрнекті жақтастарының біріне айналады. «Құдайменді сұлтан Бөкей ханның ба-ласы Сұлтанғазының ұлы» [1, 15 б.], - деп автор очеркінде Құдайменді сұлтанның шыққан тегін нақты көрсеткен. Жүзбасы Портнягиннің жа-сағы 1839 жылы 29 шілдеде Сыбанқұл сұлтанды қолға түсіреді. Көптеген жылдан бері оңтүстік қазақтарының толқуын басқарып келген адамның ұсталуы сол өлкені тыныштандыруда зор маңызы болғанын жазады автор. Автор келтірген мәліметтер бойынша сұлтан Сыбанқұл Ханқожин 1841 жылдың 15 маусымында патша абақтысында қаза тапқан.

Очерк барысынан қазақ халқының қарулы қозғалысының себебі олардың құнарлы, суы мол жерлерін патша әскерлерінің тартып алуында, үй және адам басына орасан зор салық салуында екенін аңғарамыз.

Кенесарының жақтастарының бірі болған сұлтан Құдайменді Сұлтанғазин, «Көске Орманов және Ниязбек Көшіков сияқты сұлтандармен бірге Бұхар, Ташкент саудагерлерінің керуенін тонады, барымтамен айналысты» деген сылтаумен ұсталып, Омбы түрмесіне қамалған. Бұл жайында автор былай деп баяндайды: «6 марта 1844 г. Омский Окружной Суд постановил заключение по делу, оставив без внимания приведенного выше жалобы киргиз на следователя Семенова. Согласно заключения Суда подлежали ссылке в каторжные работы султаны Худайменды Газин, Коске Урманов, Ниязбек Кучуков и 12 простых киргиз» [1, 27 б.]. Бұдан әрі 19 қазақтың түрмеде өліп қалғандықтан оларға қатысты сот ісі тоқталғандығы туралы жазылған. Мұрағаттан алынған деректер бойынша ұсталып, түрмеге қамалған кезде сұлтан Құдайменді Сұлтанғазин 37 жаста, Көске Орманов 26-да, ал Ниязбек Күшіковтың жасы бар болғаны 18-де болған. Сұлтан Мәджік Күшіков 1843 жылы абақтыда, сот үкімін шығарар алдында қайтыс болған.

Ішкі Ресейден, Қоканнан, Бұхарадан келген саудагерлер «біздің керуенімізді жолда қазақтар тонады», - деп Шекара Басқармасына арыз жазып, шығындарын бірнеше есе асыра көрсетіп, көтеріліс салдарынан істі болып отырған қазақ азаматтарына жала жауып, «шығындарын» сот арқылы өндіріп алып отырған. Мысалы, Ташкент қаласынан келген саудагерлер «64 781 сом ақша тұратын затымызды қазақтар тонады» деп сот арқылы 8369 қой және 260 сом ақша өндіріп алған, оның ішіндегі 2800 қой Құдайменді сұлтанның ауылынан контрибуция ретінде тартып алынған болатын. Артынан бұл арыздардың өтірік екені белгілі болып, жалған арыз жазушы саудагерлердің үстінен іс қозғалған, бірақ олар судьяларға пара беріп құтылып кеткенін автор қынжыла баяндайды.

Патша өкіметінің отарлық саясатымен келіспеген қазақтар округтің жерін өлшеп, картаға түсіріп жүрген шенеуніктерге шабуыл жасап, олардың жұмыстарына кедергі жасауға барынша тырысқан. Патшалық Ресейге Қазақстан жерінде округ құрғызбауға Қытай империясы да мүдделі болған, бірақ әрине, қазақтардың қамы үшін емес, оларды орыстарға қарсы қою арқылы қазақ жерін көбірек алып қалу ойымен істелген әрекет болатын.

Жаңадан құрылған Қарқаралы округіндегі толқу 1838 жылы шарықтау шегіне жеткен. «В это время действовал против русских Кенесары Касымов, имя которого пользовалось большою известностью среди каркаралинских киргиз»

[1, 3 б.], - деп автор көтерілісті басқарған сұлтандардың ішінен Кенесарыны ерекше атап өтеді. 1841 жылғы мұрағат деректері бойынша көтеріліске жиырма мыңнан астам қазақ қатысқан. Кенесарының әскерінің арасында қатал тәртіп болып, олар жүз сарбазға бөлініп, жүйелі түрде жүзбасыға бағынған және мылтық жасайтын жеті хивалық шеберлері болған. Поляк, украин ұлтынан шыққан әскери тұтқындар сарбаздарды соғыс өнеріне үйреткен.

Н.Я. Коншин очеркінде көтерілісті ұйымдастырған сұлтандардың ішінен К. Қасымов басқарған көтеріліс тарихына ерекше тоқталған. Патша әскерінің қысымына қарамастан Кене-сары қырғыздарды қуып отырып, Алатау тауына дейін жеткен және Шу алқабында өмір бойы қалғысы келіп бекініс тұрғыза бастаған. «Но жить спокойно по самой своей природе он не мог. Даже в такое трудное время, как после бегства с Камала, когда на Кенесары со всех сторон подымались враги, он не оставлял своих широких планов стать ханом всех киргизов», - деп жазады автор.

Қырғыздар мен қазақтардың арасында болып жатқан қақтығысты пайдаланған патша әскерінің қолбасшылары қырғыз манаптарымен (очеркте манаптардың аты-жөні толық келтірілген) келіссөз жүргізіп, оларды *«патша үкіметінің және сіздердің жауларыңыз Кенесарыны бірігіп көзін жоюға»* [1] шақырған.

1847 жылы, бір жағынан, жақсы қаруланған патша әскерінің, екінші жағынан, қырғыз және өзбек жасақтарының қоршауында қалған қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасы-мовтың әскері бірнеше күнге созылған кес-кілескен шайқаста жеңіліске ұшырайды, ал өзі жан түршігерлік азапты қорлаудан жан тапсырады. Сол кезеңдегі әскери қолбасшы И. Ф. Бларамбергтің естеліктеріндегі мәлімет бойынша, Кенесарыны қазанда қайнап жатқан қойдың майына шығғырып өлтірген.

Патша шенеуніктері өздерінің негізгі жауы Кенесары ханды өлтіргені үшін қырғыздың манаптарына (Жантай Қарабеков, Қалығұл Алибеков, Қалча Исенбеков және Қажыбек Таштанбеков) алтын медаль, алтынмен өрнек-телген шапан және құрмет грамотасын береді. Өз жағынан қырғыз манаптары Кенесары ханның басын кесіп алып Омбы қаласында орналасқан Шекара Басқармасына жібергенін автор тәптіштеп баяндайды. Қазақ руларын басқарған кей сұлтандардың да Кенесары ханның өліміне байланысты шен-шекпен киіп, мақтау қағаздарымен марапатталып, ақшалай-заттай сыйлық алғанын Н.Я. Коншин өзінің тарихи очеркінде жасырмай көрсеткен.

Кенесарының қандай адам болғандығын, отаршыларға қарсы күресте қандай рөл атқарғанын автордың төмендегі оған берген мінез-демесінен аңғаруға болады: *«Это был выдающийся во всех отношениях человек, далеко стоявший выше таких вождей волновавшихся киргиз, как Худайменды Газин, Сивонкул Ханхо-жин и др. Все они не были способны выйти из узкой сферы родовых киргизских отношений, и только в лице Кенесары Касымова мы встречаем в истинном смысле народного киргизского «героя» мечтавшего о политическом единстве всех киргиз без различия племен и даже орд»* [1, 75 б.].

Орыс географиялық қоғамының 41 жыл бойы (1873-1914 жж.) төрағасы болған атақты географ П. П. Семенов-Тянь-Шанскийдің (1827-1914) Кенесарыны «қазақ даласының ержүрек Метридаты» деп атауы бекерден-бекер емес болар. Тіптен, патша әскери бас штабының офицерлері Н.И. Красовский,

Л.Л. Мейерлердің өзі Кенесарының патша өкіметіне қарсы ұлт-азаттық көтерілісін өз шығармаларында жоғары бағалап, одан кейін жалпы Қазақстанның саяси азаттығы үшін қазақ руларының басын біріктіре алған сұлтанның болмағанын ерекше атап өтеді.

Кенесары хан қаза тапқаннан кейін патша өкіметінің қазақ даласын отарлауда орасан зор жетістіктерге жеткені соншалықты, он жыл өтер-өтпестен аға сұлтандардың билігін жойып, 1822 жылғы «Қырғыздар туралы жарғыны» 1865 жылы жаңа «Ережемен» ауыстыруға қолы жетті. Сөйтіп, ғасырларға созылған хан-сұлтандар билігі жойылып, Қазақстанның саяси аренасына байлар, болыстар, ауылнайлар, старшын мен тілмаштар шықты.

Қазақ руларын Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық көтеріліске біріктіре алған ержүрек батыр Кене ханның қаза тапқанына сұлтандар, манаптар мен бектер көп уақыт қуана алмаған секілді. Өйткені оңтүстік Қазақстанды, Орта Азияны отарлауға кедергі болып тұрған бас қарсыласы Кенесары жойылғаннан кейін патша өкіметі 1851 жылы Жетісу өңірінде Верный бекінісінің іргетасын қалауға мүмкіншілік алды, 1860 жылы Пішпек, Токмақ, Әулиеата, Түркістанды, 1864 жылы - Созақ пен Шымкентті,

1865 жылы Ташкентті тез арада басып алып, 1866 жылға қарай бүкіл Орта Азияны өз отарына айналдырып алған болатын.

Очерк барысында көптеген қазақтың бетке ұстар азаматтарының еркіндік, азаттық жолында патша абақтыларында, «ит жеккенге» айдалып көп қорлық көріп, көбісінің сонда қаза тапқанын, отарлау операциясына орасан зор қаржы және жақсы қаруланған, соғыс жүргізу ісіне жан-жақты үйретілген, қатал тәртібі бар әскери күш пайдаланылғанын көреміз. Соған қарамастан қазақ жерін толық жаулап алу процесі бірнеше ондаған жылдарға созылғаны рас. Бұл ойымыздың дәлелін географиялық қоғамның мүшесі полковник Г. Е. Катанаевтың «Н.И. Потанин и его русские предшественники по разведкам в киргизских степях и Средней Азии» деп аталатын мақаласынан да табамыз. Ол былай деп жазады: *«Не без сопротивления и не без борьбы подчинились киргизы русскому управлению. Потомки бывших ханов средней орды и влиятельнейшие из султанов не сразу сложили с себя власть и не сразу перешли к той ничтожной роли, какую они играют в орде теперь»* [2, 201 б.]. Автор қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің тарихына қысқаша тоқтала келіп «атақты Кенесары Қасымов» көтерілісті

басқарған кезде көтеріліске Ұлы, Орта, Кіші жүздің руларының қатысқандығын атап өтеді. Яғни хан Кенесары Қасымов басқарған ұлт-азаттық көтеріліс өте көлемді әрі күшті болған және ол орасан үлкен территорияны қамтып, оған қатысқан қазақ руларының саны да, басқа көтерілістермен салыстырғанда, әлде қайда қомақты болған.

Кенесары Қасымов өз заманының ерекше тұлғаларының бірі. Кенесары ханның өмір сүрген феодалдық құрылыс кезінде шашырап кеткен қазақ руларын тек қана үш жүздің ханы болу арқылы бір ортаға біріктіріп, сонынан ерте алатынын ол түсінді. Сондықтан Кенесары «хан болғысы келді», «өзінің пайдасына ең тәуір жайылымдарды тартып алып отырған», «бас көтерулерді тек өзінің таптық, пайдакүнемдік, эгоистік мүдделері үшін пайдаланды» [3, 163 б.], деп бір жақты қарау дұрыс емес екендігін уақыт анықтап беріп отыр.

Тіптен Кенесары Қасымовты оған қарсы күрескен жаулары да, оның ерен ерлігімен қоса дарынды қолбасшылық стратегиясы мен тактикасы үшін құрметтеген және санасуға мәжбүр болған. Бұл туралы С. Угренинов өз кітабында былай деп жазады: *«Несмотря на то, что в российских документах царского времени отряды восставших казахов и назывались «шайками», «бандами», «толпами» и «скопищами»,... тем не менее, хан Кенесары Касымов заслужил у казахов уважение. Казаки, воюя с ним, за его личное мужество,*

*энергию и ум, умение объединить соплеменников в борьбе за свои идеалы, считали его настоящим героем и достойным противником».*

«Өзінің ұлы атасы Абылай хан сияқты, Кенесары да қазақ халқына патша мен Қоқан хандығы жағынан төніп тұрған қауіптің алдын алу үшін халқымды бір ортаға біріктіре аламын деп сенді» [53, 44 б.], - деп жазады профессор М.Б. Олкотт өз еңбегінде Кенесары ханның қазақ тарихында алатын орны туралы сөз қозғағанда.

Бұл жерде айтып кететін бір жай ол Ресей империясының қазақ руларының саяси бірлігінен қорыққандығы, сондықтан олар қазақ даласында хандық биліктің әлсіреуін көздеді, соған мүдделі болды. Бұған Орынбор генерал-губернаторы И.М. Неплюевтің: «Қазақ халқына ең басты ханның болуы пайдалы болмайтыны былай тұрсын, зиянды да болуы мүмкін» [3, 69 б.], - деген сөздері дәлел бола алады.

#### Әдебиеттер:

- 1 Записки ИРГО. - Семипалатинск, 1903. - Вып. I. - С. 1-109.
- 2 Записки Западно-Сибирского отд. ИРГО. - Омск, 1916. - Т. 38. - С. 192-202.
- 3 Қазақ ССР тарихы. 5 томдық. - Алматы, 1982. - 3 т. - 343 б.

В журнале «Записки Императорского Русского Географического общества» освещался ход исторического процесса колонизации царской Россией Казахской степи. Также журнал описывает подробности национально-освободительной борьбы последнего казахского хана Кенесары Касымова за независимость Казахстана. Необходимо отметить, что данный журнал, описывая историю национально-освободительной борьбы казахского народа, тем самым воспевал храбрость казахского хана Кенесары Касымова.

Detail elucidates motion of historic process of colonization tsar Russia in Kazakh steppe is in magazine «Записки Императорского Русского Географического общества». Also magazine describe details of national-liberation struggle of last Kazakh khan Kenesari Kasimov for Kazakhstan's independence.

### Коммуникационные особенности в произведениях публициста М.-С. Бабаджанова

Н. Есхуатова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

УДК 070

**Аннотация.** В своей статье автор всесторонне анализирует язык и стиль публицистических произведений Мухаммед-Салиха Бабаджанова. В статье встречаются необходимые для коммуникации слова-этнонимы казахского народа, а также фразеологические обороты: архаизмы, историзмы, авторские неологизмы. Рассматриваются с представленными словами проблемы, связанные с коммуникацией языка. И автор всесторонне доказывает особенности коммуникации в словах и предложениях казахского народа.